

"Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне бағалы қағаздар рыногы және акционерлік қоғамдардың мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 31 тамыздағы N 915 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне бағалы қағаздар рыногы және акционерлік қоғамдардың мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

**Қазақстан Республикасының
Заңы "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне бағалы қағаздардың рыногы және акционерлік қоғамдардың мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы"**

1-бап. Қазақстан Республикасының мынадай заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі 1994 жылғы 27 желтоқсанда қабылдаған Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (Жалпы бөлім) (Қазақстан Республикасы Жоғарғы кеңесінің Жаршысы, 1994 ж., N 23-24 (қосымша); 1995 ж., N 15-16, 109-құжат; N 20, 121-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 2, 187-құжат; N 14, 274-құжат; N 19, 370-құжат; 1997 ж., N 1-2, 8-құжат; N 5, 55-құжат; N 12, 183, 184-құжаттар; N 13, 14, 195, 205-құжаттар; 1998 ж., N 2-3, 23-құжат; N 5-6, 50-құжат; N 11-12, 178-құжат; N 17-18, 224, 225-құжаттар; N 23-429-құжат; 1999 ж., N 20, 727, 731-құжаттар; N 23, 916-құжат; 2000 ж., N 18, 336-құжат; N 22, 408-құжат; 2001 ж., N 1, 7-құжат; N 8, 52-құжат; N 17-18, 240-құжат; N 24, 338-құжат; 2002 ж., N 2, 17-құжат; N 10, 102-құжат; 2003 ж., N 1-2, 3-құжат; N 11, 56, 57, 66-құжаттар; N 15, 139-құжат; N 19-20, 146-құжат; 2004 ж., N 6, 42-құжат; N 10, 56-құжат; "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне инвестициялық корлардың мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 7 шілдедегі Заңы, 2004 жылғы 20 шілдеде "Егемен Қазақстан" газетінде және 2004 жылғы 20 шілдеде "Казахстанская правда" газетінде

ж а р и я л а ғ а н) :

1) 42-баптың 6-тармағының 3) тармақшасындағы "шаруашылық серіктестеріндегі қатысушылардың құрамы өзгергенде" деген сөздерден кейін "шаруашылық серіктестігі қатысушыларының тізілімін жүргізуді бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімінің жүйесін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушысы жүзеге асыратын" деген сөздермен толықтырылсын;

2) 45-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Акционерлік қоғамдарды қайта құру акционерлік қоғамдар туралы заңдарда белгіленген ерекшеліктер ескеріле отырып жүзеге асырылады.";

3) 58-баптың 9-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Акционерлік қоғам шаруашылық серіктестік болып қайта құрылған жағдайда оның қатысушылар тізілімін жүргізуді бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімінің жүйесін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушысы жүзеге асыратын жағдайда, құрылтай шарты жасалмайды. Сонымен бірге акционерлік қоғамнан қайта құрылған шаруашылық серіктестіктің жарғылық капиталындағы үлесіне құқығын растайтын құжат шаруашылық серіктестік қатысушыларының тізілімінен алынған үзінді болып т а б ы л а д ы .

Қатысушылардың тізілімін жүргізуді бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімінің жүйесін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушысы жүзеге асыратын шаруашылық серіктестігінің жарғылық капиталына қатысу үлесіне құқықтар шаруашылық серіктестік қатысушыларының тізілімінде мәміле тіркелген сәттен бастап туындайды.

Шаруашылық серіктестік қатысушыларының тізілімін қалыптастыру, жүргізу және сақтау тәртібі Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленеді.";

4) 88-баптағы "мөлшері" деген сөз "ең аз мөлшері" деген сөздермен ауыстырылсын, "мен азайту" деген сөздер алынып тасталсын;

5) 93-баптың 1-тармағын "өзге негіздері" деген сөзден кейін ", түрлері" деген сөздермен толықтырылсын;

6) 139 - б а п т а :

1-тармақтағы "құқықтарды" деген сөзден кейін ", сондай-ақ Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген өзге де құқықтарды" деген сөздермен толықтырылсын;

3-тармақтағы "және санаттары" деген сөздер алынып тасталсын;

7) 292-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Бағалы қағаздар бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету тәсілдері Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногы туралы заң актілерінде белгіленген." ;

8) 301-баптың 5-тармағы алынып тасталсын;

9) 303-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Олар куәландырған бағалы қағаздар мен мүліктік құқықтардың кепілі бағалы қағаздар рыногы туралы заңдарға сәйкес жүзеге асырылады."

2. 1997 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне(Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 15-16, 211-құжат; 1998 ж., N 16, 219-құжат; N 17-18, 225-құжат; 1999 ж., N 20, 721-құжат; N 21, 774-құжат; 2000 ж., N 6, 141-құжат; 2001 ж., N 8, 53, 54-құжаттар; 2002 ж., N 4, 32, 33-құжаттар; N 10, 106-құжат; N 17, 155-құжат; N 23-24, 192-құжат; 2003 ж., N 15, 137-құжат; N 18, 142-құжат; 2004 ж., N 5, 22-құжат; "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне сайлау заңдары мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі N 583 Заңы, 2004 жылғы 23 шілдеде "Егемен Қазақстан" газетінде және 2004 жылғы 15 шілдеде "Казахстанская правда" газетінде жарияланған):

1) 202 - бапта:

тақырыптағы "(эмиссия)" деген сөз алынып тасталсын;

бірінші абзацта "эмиссия" деген сөз "бағалы қағаздарды шығару" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) мынадай мазмұндағы 202-1-баппен толықтырылсын:

"202-1-бап. Бағалы қағаздар эмитентінің лауазымды адамының ақпарат бермеуі не әдейі бұрмаланған мәліметтер беруі

Бағалы қағаздар эмитентінің лауазымды адамдарының бағалы қағаздарды ұстаушыларға не эмитентке зор зиян келтірген мүліктік пайда табу мақсатында мемлекеттік органдарға және бағалы қағаздарды ұстаушыларға ақпарат бермесе не әдейі бұрмаланған мәліметтер берсе, -

үш жүзден бес жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде немесе бір жалақының немесе үш айдан бес айға дейінгі кезеңге тыйым салынған өзге де кірістің мөлшерінде айыппұлмен, не екі жылға дейінгі мерзімге еңбекпен түзету жұмыстарымен, не бес жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымға сайлану немесе белгілі бір қызметпен шұғылдану құқығынан айыру, не алты айға дейінгі мерзімге тұтқынға алу, не үш жылға дейінгі мерзімде белгілі бір лауазымға сайлану немесе белгілі бір қызметпен шұғылдану құқығынан айыра отырып, немесе айырмай-ақ бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру арқылы жазаланады.";

3) 204-баптың тақырыбы және бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"204-бап. Бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушыларының әдейі жалған мәліметтер беруі

Бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушыларының мемлекеттік органдарға және бағалы қағаздарды ұстаушыларға бағалы қағаздарды ұстаушылардың жеке

шоттарындағы бағалы қағаздардың саны мен түрлері туралы және аса көп зиян келтірген мүліктік пайда табу мақсатында бағалы қағаздармен операциялар туралы әдейі жалған мәліметтер беруі, -".

3. 2001 жылғы 30 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 5-6, 24-құжат; N 17-18, 241-құжат; N 21-22, 281-құжат; 2002 ж., N 4, 33-құжат; N 17, 155-құжат; 2003 ж., N 1-2, 3-құжат; N 4, 25-құжат; N 5, 30-құжат; N 11, 56, 64, 68-құжаттар, N 14, 109-құжат, N 15, 122, 139-құжаттар, N 18, 142-құжат, N 21-20, 160-құжат, N 23, 171-құжат; 2004 ж., N 6, 42-құжат; N 10, 55-құжат; "Қазақстан Республикасындағы кредиттік бюролар және кредиттік тарихты қалыптастыру туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 6 шілдедегі Заңы, 2004 жылғы 14 шілдеде "Егемен Қазақстан" газетінде және 2004 жылғы 10 шілдеде "Казахстанская правда" газетінде жарияланған; "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне сайлау заңдары мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі Заңы, 2004 жылғы 23 шілдеде "Егемен Қазақстан" газетінде және 2004 жылғы 15 шілдеде "Казахстанская правда" газетінде жарияланған) :

1) 191-баптың тақырыбы және бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:
"191-бап. Жарияланған акциялар шығарылымының проспектісіне өзгерістер мен толықтыруларды тіркеу үшін құжаттарды табыс ету мерзімінің бұзылуы Эмитенттің жарияланған акциялар шығарылымының проспектісіне өзгерістер мен толықтыруларды тіркеу үшін құжаттарды табыс етудің Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мерзімін бұзуы, -";

2) 194-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацында "жиырмаға дейінгі" деген сөздер "елуден екі жүзге дейінгі" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) мынадай мазмұндағы 194-1 және 195-1-баптармен толықтырылсын:
"194-1-бап. Акциялар сатып алу тәртібінің бұзылуы Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген акциялар сатып алу, оның ішінде оларды сатып алған кезде қоғам акционерлерінің жалпы жиналысымен бекітілген акциялар құнын айқындау әдістемесі болмаған жағдайда акционерлік қоғамның орналастырылған акцияларын осы қоғамның сатып алу тәртібінің бұзылуы, - лауазымды адамдарға елуден жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға әкеп соғады." ;

"195-1. Бағалы қағаздардың бағаларымен айла-шарғы жасау мақсатында мәмілелер жасау

Бағалы қағаздардың бағаларымен айла-шарғы жасау мақсатында мәмілелер жасау, - азаматтарға екі жүзге дейінгі мөлшерде, лауазымды адамдарға - қырықтан үш жүзге дейінгі, заңды тұлғаларға - жүзден бес жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі

мөлшерде айыппұл салуға әкеп соғады.";

4) 1 9 6 - б а п т а :

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"196. Бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімін және бағалы қағаздар бойынша жеке шоттарды жүргізу тәртібінің бұзылуы.";

б і р і н ш і а б з а ц т а :

"тізілімінің" деген сөз "тізілімдер жүйесінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

"қағаздар бойынша" деген сөздерден кейін "жеке" деген сөзбен толықтырылсын;

("жеке шоттарды, "депо" шоттарын") деген сөздер алынып тасталсын;

5) 199-баптың бірінші абзацындағы "баспа басылымдарында" деген сөздер "бұқаралық ақпарат құралдарында" деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 541-баптың бірінші бөлігіндегі "194 деген саннан кейін "194-1, 195-1, деген сандармен толықтырылсын;

7) 636-баптың бірінші бөлігі 1) тармақшасының жиырма төртінші абзацындағы "194" деген саннан кейін "194-1, 195-1," деген сандармен толықтырылсын;

4. "Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 сәуірдегі Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 3-4, 37-құжат; N 12, 88-құжат; N 14, 93-құжат; N 15-16, 109-құжат; N 24, 162-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 8-9, 236-құжат; 1997 ж., N 1-2, 8-құжат; N 7, 80-құжат; N 11, 144, 149-құжаттар; N 12, 184-құжат; N 13-14, 195, 205-құжаттар; N 22, 333-құжат; 1998 ж., N 14, 201-құжат; N 16, 219-құжат; N 17-18, 222, 224, 225-құжаттар; N 23, 416-құжат; N 24, 452-құжат; 1999 ж., N 20, 721, 727-құжаттар; N 21, 787-құжат; N 22, 791-құжат; N 23, 931-құжат; N 24, 1066-құжат; 2000 ж., N 10, 248-құжат; N 22, 408-құжат; 2001 ж., N 1, 7-құжат; N 8, 52, 54-құжаттар; N 13-14, 173, 176-құжаттар; N 23, 321-құжат; N 24, 338-құжат; 2002 ж., N 2, 17-құжат; N 15, 151-құжат; N 19-20, 165-құжат; 2003 ж., N 1-2, 2-құжат; N 4, 25-құжат; N 6, 34-құжат; N 10, 50, 51-құжаттар; N 11, 69-құжат; N 14, 107-құжат; N 15, 124, 128, 139-құжаттар, 2004 ж., N 2, 9-құжат; N 5, 27-құжат; "Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 6 мамырдағы Заңы, 2004 жылғы 12 мамырда "Егемен Қазақстан" газетінде және 2004 жылғы 12 мамырда "Казахстанская правда" газетінде жарияланған; "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне байланыс мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 5 шілдедегі Заңы, 2004 жылғы 9 шілдеде "Егемен Қазақстан" газетінде және 2004 жылғы 10 шілдеде "Казахстанская правда" газетінде жарияланған; "Қазақстан Республикасындағы кредиттік бюролар және кредиттік тарихты қалыптастыру туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 6 шілдедегі Заңы, 2004 жылғы 14 шілдеде "Егемен Қазақстан" газетінде және 2004 жылғы 10 шілдеде "Казахстанская правда" газетінде жарияланған; "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне инвестициялық қорлардың мәселелері

бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 7 шілдедегі Заңы, 2004 жылғы 20 шілдеде "Егемен Қазақстан" газетінде және 2004 жылғы 20 шілдеде "Казахстанская правда" газетінде жарияланған; "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өсімдіктерді қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 7 шілдедегі Заңы, 2004 жылғы 12 шілдеде "Егемен Қазақстан" газетінде және 2004 жылғы 15 шілдеде "Казахстанская правда" газетінде жарияланған):

11-баптың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) депозитарлық қызметті қоспағанда, бағалы қағаздар рыногындағы кәсіби қызмет ;".

5. "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 31 тамыздағы Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 15-16, 106-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 2, 184-құжат; N 15, 281-құжат; N 19, 370-құжат; 1997 ж., N 5, 58-құжат; N 13-14, 205-құжат; N 22, 333-құжат; 1998 ж., N 11-12, 176-құжат; N 17-18, 224-құжат; 1999 ж., N 20, 727-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; N 22, 408-құжат; 2001 ж., N 8, 52-құжат; N 9, 86-құжат; 2002 ж., N 17, 155-құжат; 2003 ж., N 5, 31-құжат; N 10, 51-құжат; N 11, 56, 67-құжаттар, N 15, 138, 139-құжаттар; "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне бухгалтерлік есепке алу және қаржылық есеп беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 11 маусымдағы Заңы, 2004 жылғы 16 шілдеде "Егемен-Қазақстан" газетінде және 2004 жылғы 16 шілдеде "Казахстанская правда" газетінде жарияланған; "Қазақстан Республикасындағы кредиттік бюролар және кредиттік тарихты қалыптастыру туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 6 шілдедегі Заңы, 2004 жылғы 14 шілдеде "Егемен Қазақстан" газетінде және 2004 жылғы 10 шілдеде "Казахстанская правда" газетінде жарияланған; "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне инвестициялық қорлардың мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 7 шілдедегі Заңы, 2004 жылғы 20 шілдеде "Егемен Қазақстан" газетінде және 2004 жылғы 20 шілдеде "Казахстанская правда" газетінде жарияланған):

1) 3 - б а п т ы ң 5 - т а р м а ғ ы н д а :

бірінші абзацтағы мемлекеттік тілдегі мәтіндегі "акциялардың" деген сөздің алдынан "дауыс беруші" деген сөздермен толықтырылсын;

б) тармақшасындағы "акцияларының (қатысушылар салымдарының)" деген сөздер "дауыс беруші акцияларының немесе жарғылық капиталдарға қатысу үлестерінің" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

2) 8 - б а п т а :

1-тармақтағы "жарғылық капиталға қатысуға" деген сөз "қатысу үлестерін немесе

акцияларын сатып алуға" деген сөздермен ауыстырылсын;

2 - т а р м а қ т ы ң :

а) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"а) банктердің, жинақтаушы зейнетақы қорларының, зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдардың, инвестициялық қорлардың, сақтандыру ұйымдарының, лизинг беруші ұйымдардың, сондай-ақ акциялары Қазақстан Республикасының аумағында қызметті жүзеге асыратын қор биржасының ең жоғары санатына енгізілген акционерлік қоғамдардың акцияларын сатып алу (бір эмитенттің орналастырылған акциялары жалпы санының он бес процентінен аспайтын м ө л ш е р д е) ; "

а-1) тармақшасы алынып тасталсын;

б) тармақшасында "жарғылық капиталына банктердің қатысуына" деген сөздер " акцияларын немесе жарғылық капиталдарына қатысу үлестерін сатып алуға" деген с ө з д е р м е н а у ы с т ы р ы л с ы н ;

в) және г) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"в) банктердің бағалы қағаздар рыногында кәсіби қызметті жүзеге асыратын акционерлік қоғамдардың акцияларын сатып алуы;

г) кепіл немесе қатысу үлесі ретінде қабылданған акциялар банктер оларды өткізгенге дейінгі кепіл туралы шарттың талаптарына сәйкес банктердің меншігіне өткен жағдайда, банктердің акцияларды сатып алуы немесе банктердің заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарына қатысу үлестерін (банктің меншік капиталының жиырма бес процентінен аспауға тиісті оның балансына есепке алынатын банктың меншігіне бұрын кепілге қабылданған акциялардың өтуі арқылы банктер сатып алған акциялардың құны, сонымен бірге оларды сату мерзімі бір жылдан аспауға тиіс);";

мынадай мазмұндағы бөлікпен толықтырылсын:

"Банктың сатып алған акцияларының құны не банктің бір заңды тұлғаның жарғылық капиталына қатысу үлесі, осы тармақтың г) тармақшасында көрсетілген жағдайды қоспағанда, банктің меншік капиталының он процентінен аспауға тиіс.";

3) 9-баптың 2-тармағының екінші бөлігіндегі "Ұлттық Банк" деген сөздер "уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 11-баптың 2-тармағының бірінші бөлігіндегі "жарғылық капиталдың" деген сөздер "дауыс беруші акциялардың" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 2-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"2-тарау. Банкті құру және банк қызметін жүзеге асыру";

6) 1 6 - б а п т а :

1 және 2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Банктің жарғылық капиталы акцияларды сату есебінен Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен қалыптастырылады.

2. Банк акцияларды орналастырған кезде тек қана ақшалай төлеуге тиіс.";

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"Заңды тұлғалар акцияларға орналастырылған активтерді және басқа тұлғалардың жарғылық капиталына қатысу үлесін шегере отырып, уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінің талаптарына сәйкес есептелген өз капиталы шегінде банктің акцияларын орналастырған кезде оларды сатып алады."

4-тармақ алынып тасталсын;

8-тармақтың бірінші бөлігіндегі "банктің жарғылық капиталындағы оның акционерлерінің үлестерін (акцияларын)" деген сөздер "оның акционерлерінің акцияларын" деген сөздермен ауыстырылсын;

7) 17 - б а п т а :

2-тармақта "Жарғылық капиталының" деген сөздерден кейін "қатысу үлестерінің не орналастырылған акцияларының" деген сөздермен толықтырылсын;

4-тармақтағы "(акционерлердің үлесін)" деген сөздер алынып тасталсын;

5-тармақтағы "тікелей немесе жанама құрылтайшылары немесе акционерлері бола алмайды" деген сөздер "дауыс беруші акцияларын иелене және/немесе пайдалана және/немесе басқара алмайды." деген сөздермен ауыстырылсын;

6-тармақтағы "акцияларының" деген сөздің алдынан "дауыс беруші" деген сөздермен толықтырылсын;

7-тармақта "Банктің жарғылық капиталына тікелей немесе жанама түрде қатысатын тұлғалар" деген сөздер "банктің дауыс беруші акцияларын тікелей немесе жанама түрде иеленетін не банк акционері қабылдайтын шешімдерге ықпал ететін" деген сөздермен ауыстырылсын;

8) 19-баптың 3-тармағының в) тармақшасында "жарғылық капиталына қатысуға" деген сөздер "дауыс беруші акцияларын сатып алуға" деген сөздермен ауыстырылсын;

9) 21 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

"оның басқа банктер мен қаржы ұйымдарының жарғылық капиталына қатысуы" деген сөздер "басқа банктердің акцияларын және басқа қаржы ұйымдарының жарғылық капиталына қатысу үлестерін иеленуі" деген сөздермен ауыстырылсын;

"жарғылық капиталына қатысу" деген сөздер "дауыс беруші акцияларын сатып алу" деген сөздермен ауыстырылсын;

4 - т а р м а қ т а :

"тұлға қатысқан" деген сөздерден кейін "не акцияларына резидент емес заңды немесе жеке тұлға иелік ететін" деген сөздермен толықтырылсын;

"жарғылық капиталына қатысуға" деген сөздер "акцияларды сатып алуға" деген сөздермен ауыстырылсын;

5-тармақта "жарғылық капиталына қатысу" деген сөздер "дауыс беруші акцияларын сатып алу" деген сөздермен ауыстырылсын;

10) 3-тараудың тақырыбы алынып тасталсын;

2-3-тармақтың бірінші абзацында "кредиттік серіктестіктерге" деген сөздер "банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға" деген сөздермен ауыстырылсын ;

екінші бөлікте "операцияларды жүргізуге" деген сөздерден кейін "банктерге, ломбардтарға және кредиттік серіктестіктерге" деген сөздермен толықтырылсын;

3-тармақтың е) тармақшасында "эмиссиялау" деген сөз "шығару" деген сөзбен ауыстырылсын ;

5-тармақ "жарғылық капиталына қатысушы" деген сөздер "акцияларын немесе жарғылық капиталдарына қатысу үлестерін иеленуші" деген сөздермен ауыстырылсын;

12) 54-1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"54-1-бап. Банктің аффилиирленген тұлғаларының есеп беруі

1. Заңды тұлға болып табылатын банктің ірі қатысушысы қаржы жылы аяқталғаннан кейін тоқсан күннің ішінде уәкілетті органға жыл сайын қаржылық есепті беруге тиіс.

2. Жеке тұлға болып табылатын банктің ірі қатысушысы қаржы жылы аяқталғаннан кейін тоқсан күннің ішінде уәкілетті органға кірістер мен мүлік туралы мәліметтер кіретін есепті, сондай-ақ мына төмендегілермен шектелмей:

1) оның басқа тұлғалармен бірлесіп олар арасындағы шарттың күшіне орай не өзге тәсілмен банк қабылдайтын шешімдерге ықпал етуі жөніндегі ақпаратты, оның ішінде мұндай ықпал ету мүмкіндігін айқындайтын өкілеттіктерді табыстаудың сипаттамасын қамтитын ақпаратты ;

2) ұйымдардың жарғылық капиталындағы оған тиесілі қатысу үлестерін (акцияларын) көрсете отырып, оның лауазымдары туралы;

3) алынған заемдар есебінен ұйымдардың жарғылық капиталындағы оған тиесілі қатысу үлестерін (акцияларын) сатып алуы туралы;

4) жақын туысқандар, ері (зайыбы) және ерінің (зайыбының) жақын туысқандары туралы ақпаратты ұсынуға тиіс.

Есеп беру тәртібі мен нысандарын уәкілетті орган белгілейді.

3. Банк холдингі уәкілетті органға:

1) есеп берілген тоқсаннан кейінгі қырық бес күннің ішінде тоқсан сайынғы шоғырландырылған қаржылық есепті және оған түсіндірме жазбаны;

2) қаржы жылы аяқталғаннан кейін тоқсан күннің ішінде аудитор куәландырмаған шоғырландырылған және шоғырландырылмаған жылдық қаржылық есепті ұсынуға тиіс.

4. Заңды тұлға болып табылатын банктің ірі қатысушысының жылдық қаржылық есебіне берілетін түсіндірме жазбада, сондай-ақ банк холдингінің тоқсан сайынғы және жылдық қаржылық есебіне берілетін түсіндірме жазбаларда мына төмендегілермен

шектелмей мынадай ақпарат көрсетілуі тиіс:

1) ірі қатысушының (банк холдингінің) қызмет түрлерінің сипаттамасы;
2) ірі қатысушы (банк холдингі) қатысушысы (акционері) болып табылатын әрбір ұйымның атауы, оның жарғылық капиталындағы қатысу мөлшері мен үлесі, қызметі түрінің немесе түрлерінің сипаттамасы, ірі қатысушы (банк холдингі) ірі қатысушы (ірі акционер) болып табылатын ұйымдардың қаржылық есебі;

3) банктің (банк холдингінің) ірі қатысушысының ірі қатысушысы (акционері) болып табылатын әрбір ұйымның атауы, жарғылық капиталға оның қатысу мөлшері мен үлесі, осы ұйымның қызметі түрінің немесе түрлерінің сипаттамасы және қаржылық есебі."

6. "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 20 маусымдағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 12, 186-құжат; 1998 ж., N 24, 437-құжат; 1999 ж., N 8, 237-құжат; N 23, 925-құжат; 2001 ж., N 17-18, 245-құжат; N 20, 257-құжат; 2002 ж., N 1, 1-құжат; N 23-24, 198-құжат; 2003 ж., N 1-2, 9-құжат; N 11, 56-құжат, N 15, 139-құжат, N 21-22, 160-құжат; "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне

бухгалтерлік есепке алу және қаржылық есеп беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 11 маусымдағы

Заңы, 2004 жылғы 16 шілдеде "Егемен Қазақстан" газетінде және 2004 жылғы 16 шілдеде "Казахстанская правда" газетінде жарияланған):

1) 4 0 - б а п т а :

2-тармақтың бесінші абзацы алынып тасталсын;
мынадай мазмұндағы 2-2-тармақпен толықтырылсын:

"2-2. Жеке тұлға уәкілетті органның келісімін алғанға дейін үш айдан астам басшы қызметкерінің міндеттерін орындауға құқылы емес.";

2) 53-бап мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:

"5. Жеке тұлға уәкілетті органның келісімін алғанға дейін үш айдан астам басшы қызметкерінің міндеттерін орындауға құқылы емес."

3) 55-баптың 2-тармағының 7) тармақшасы ", тәуекелдерді хеджирлеу мақсатында сатып алынатын туынды бағалы қағаздарды сатып алуға жасалған шарттарды қоспағанда;" деген сөздермен толықтырылсын.

7. "Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 22 сәуірдегі Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., N 5-6, 49-құжат; 1999 ж., N 20, 727-құжат; 2002 ж., N 10, 102-құжат; 2003 ж., N 11, 56-құжат; N 24, 178-құжат; 2004 ж., N 5, 3 0 - қ ұ ж а т) :

1) 1 2 - б а п т ы ң 2 - т а р м а ғ ы н д а :

"Құрылтайшылар" деген сөз "Қатысушылар" деген сөзбен ауыстырылсын;
"осы Заңда" деген сөздерден кейін "және Қазақстан Республикасының өзге де заң

актілерімен" деген сөздермен толықтырылсын;

2) 16-1 баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Акционерлік қоғам қатысушыларының тізілімін жүргізуді бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімдер жүйесін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушысы (тіркеуші) жүзеге асыратын жауапкершілігі шектеулі серіктестік болып қайта құрылған жағдайда құрылтай шарты жасалмайды. Бұл ретте жауапкершілігі шектеулі серіктестікке қатысушылар тізілімінен көшірме жарғылық капиталдағы үлеске құқықты растайтын құжат болып табылады.

Жауапкершілігі шектеулі серіктестік қатысушыларының тізілімін жүргізуді тіркеуші жүзеге асыратын жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жарғылық капиталына қатысу үлесіне құқықтар жауапкершілігі шектеулі серіктестік қатысушыларының тізілімінде мәмілені тіркеу сәтіне туындайды.

Жауапкершілігі шектеулі серіктестікке қатысушылар тізілімін қалыптастыру, жүргізу және сақтау тәртібі тіркеуші мен серіктестік арасында жасалатын шартпен, сондай-ақ осы тіркеушінің серіктестікке қатысушылар тізілімін жүргізу жөніндегі қызметін реттейтін ішкі құжаттарымен айқындалады.";

3) 17-баптың 2-тармағында:

2) тармақшадағы "қатысушылар саны жүз және одан да көп" деген сөздер серіктестік қатысушыларының тізілімін жүргізуді тіркеуші жүзеге асыратын" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 6) тармақшамен толықтырылсын:

"6) серіктестік қатысушыларының тізілімін жүргізуді тіркеуші жүзеге асырған жағдайда серіктестіктің таза кірісін бөлу тәртібі;"

4) 19-баптың 4-1-тармағының бірінші абзацындағы "Акционерлері жүз және одан да көп" деген сөздер "серіктестік қатысушыларының тізілімін жүргізуді тіркеуші жүзеге асыратын" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 22-баптың 1-1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1-1. Қатысушыларының тізілімін жүргізуді тіркеуші жүзеге асыратын жауапкершілігі шектеулі серіктестікке жаңа қатысушыны қабылдау серіктестік қатысушыларының тізіліміне жазба енгізу арқылы ресімделеді.";

6) 32-баптың 1-тармағының бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қатысушыларының тізілімін жүргізуді тіркеуші жүзеге асыратын жауапкершілігі шектеулі серіктестік қатысушысының үлесін сату тәртібі Қазақстан Республикасының заңдарында және серіктестік жарғысында белгіленеді.";

7) 46-баптың 1-1-тармағы мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Қатысушылар саны жүзден кем, акционерлік қоғамнан қайта құрылған жауапкершілігі шектеулі серіктестігі қатысушыларының жалпы жиналысын шақырушы орган немесе (тұлға) жиналыстың ашылу күніне дейін он бес күн бұрын оның ашылуы

туралы әрбір қатысушыны серіктестіктің тіркеушісі жүргізетін қатысушылар тізілімінде көрсетілген мекен-жай бойынша жазбаша хабардар етуге міндетті."

8. "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 18 желтоқсандағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2000 ж., N 22, 406-құжат; 2003 ж., N 11, 56-құжат; N 12, 85-құжат; N 15, 39-құжат; "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне бухгалтерлік есепке алу және қаржылық есеп беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 11 маусымдағы Заңы, 2004 жылғы 16 шілдеде "Егемен Қазақстан" газетінде және 2004 жылғы 16 шілдеде "Казахстанская правда" газетінде жарияланған) :

1) 21 - бапта :

2-тармақтың екінші бөлігінде "Жарғылық капиталының" деген сөздер "Жарғылық капиталдағы үлестің немесе дауыс беретін акциялар санының" деген сөздермен толықтырылсын ;

3 - тармақ алынып тасталсын ;

4-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

" Оффшорлық аймақта тіркелген, ұйым мәртебесі бар заңды тұлға не жарғылық капиталдағы үлеске не акцияларға тікелей немесе аффилиирленген тұлғалар арқылы оффшорлық аймақта тіркелген заңды тұлғалар иеленетін және/немесе пайдаланатын және/немесе басқаратын заңды тұлға құрылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының - Қазақстан Республикасы резидентінің құрылтайшысы бола алмайды.";

2) 24-баптың 1-тармағының 3) тармақшасында "тексеру комиссиясы" деген сөздер "ішкі аудит қызметі" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 25 - бапта :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының акцияларын орналастырған кезде тек қана Қазақстан Республикасының ұлттық валютасындағы ақшамен төлеуге тиіс.";

2-тармақта "орнықты инвесторларға" деген сөздер "жинақтаушы зейнетақы қорларына және инвестициялық қорларға" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 27 - бапта :

2-тармақта "жарғылық капиталына қатысуға" деген сөздер "дауыс беретін акцияларын сатып алуға" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақта "6" деген сан "6-1" деген сандармен ауыстырылсын;

5) 35-баптың 2-тармағының 2) тармақшасы "акцияларының (қатысушылар салымдарының)" деген сөздің алдынан "дауыс беретін (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің)" деген сөздермен толықтырылсын;

6) 37-баптың 1-тармағының 9) тармақшасы "жарғылық капиталына қатысуына" деген сөздер "жарғылық капиталындағы үлесті не дауыс беретін акцияларын сатып алуға" деген сөздермен ауыстырылсын;

7) 48-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының жиынтығында сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының өз капиталының он процентінен асатын мөлшерде заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарындағы үлестерін не баланста көрсетілген жиынтық құны сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының өз капиталының он процентінен асатын акцияларды сатып алуына тыйым салынады, бұған мына жағдайлар қ о с ы л м а й д ы :

1) басқа қаржылық ұйымдардың жарғылық капиталына қатысу не акцияларын с а т ы п а л у ;

2) акциялары листингтен өткен және ұйымдастырылған бағалы қағаздар рыногына жіберілген эмитенттердің, бір эмитенттің дауыс беретін акцияларының жалпы санының он бес процентінен аспайтын мөлшерде акцияларын сатып алу."

9. "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., N 10, 55 - қ ұ ж а т ; N 21-22, 160 - қ ұ ж а т) :

1) 1 - б а п т а :

2) тармақша "алу құқығын" деген сөздерден кейін ", сондай-ақ осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заң актілерінде өзге де құқықтарды" деген с ө з д е р м е н т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

3) және 4) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"3) аффилиирленген тұлғалар - шешімдерді тікелей және (немесе) жанама айқындауға және (немесе) әрқайсысы (тұлғалардың бірі) қабылдайтын шешімге, оның ішінде ауызша шарт немесе өзге мәмілені қоса алғанда шарт бойынша ықпал ету мүмкіндігі бар жеке немесе заңды тұлғалар (оларға берілген өкілеттіктер шеңберінде бақылау функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік органдарды қоспағанда);

4) дауыс беретін акциялар - орналастырылған жай акциялар, сондай-ақ олар бойынша дауыс беру құқығы осы Заңда көзделген жағдайларда берілген артықшылықты акциялар. Дауыс беретін акциялар санына сатып алынған акциялар, сондай-ақ нақтылы ұстаудағы және ол жөнінде мәліметтер бағалы қағаздар тізілімін жүргізу жүйесінде жоқ меншік иесіне тиесілі акциялар кірмейді;"

мынадай мазмұндағы 6-1) тармақшамен толықтырылсын:

"6-1) қоғамды корпоративтік басқару кодексі - қоғам акционерлерінің жалпы жиналысымен бекітілетін, қоғамды басқару барысында қоғамның акционерлері мен органдары арасындағы, қоғам органдары, қоғам және мүдделі тұлғалар арасындағы қарым-қатынастар жиынтығын қоса алғанда, туындайтын құқықтық қатынастарды р е т т е й т і н қ ұ ж а т ; "

9) тармақшадағы "акционерлік қоғамның жарғысында көзделетін және" деген с ө з д е р а л ы н ы п т а с т а л с ы н ;

1 1) т а р м а қ ш а д а :

"жалпы" деген сөз алынып тасталсын,
"мүшелерінің" деген сөзден кейін "сайланатын" деген сөзбен толықтырылсын,
"директорлар кеңесі" деген сөздер "қоғам органы" деген сөздермен ауыстырылсын;

13) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"13) акциялардың нақтылы құны - акционерлік қоғамның құрылтай шартында (жалғыз құрылтайшының шешімінде) айқындалатын, сол бойынша акциялар құрылтайшылар арасында орналастырылатын (жалғыз құрылтайшы төлейтін) барлық жай және артықшылықты акциялар үшін бірыңғай баға;"

14) тармақшада "акционерлік қоғам жарғысында көзделген" деген сөздер алынып т а с т а л с ы н ;

15) және 16) тармақшалар алынып тасталсын;

18) тармақша "рыногында" деген сөзден кейін "құрылтайшылар және" деген сөздермен толықтырылсын;

19) тармақшада "тізілімін" деген сөз "тізілімдер жүйесін" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

2) 4 - б а п т а :

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Акционерлік қоғам халықтық акционерлік қоғам болып танылған күннен бастап бір жылдың ішінде қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының шешімімен қоғамды корпоративтік басқару кодексін әзірлеуге және бекітуге міндетті.";

3 - т а р м а қ т а :

"18-бабының 1-тармағында," деген сөздер алынып тасталсын;

3) 9 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

екінші сөйлем мынадай редакцияда жазылсын:

"Жұмыс істеп тұрған акционерлік қоғамның акционерлердің жалпы жиналысы уәкілеттік берген тұлға қол қоятын жарғысының жаңа редакциясын (оған өзгерістер мен толықтырулар енгізуді) қоспағанда қоғам жарғысына құрылтайшылар (жалғыз құрылтайшы) не оның өкілдері (өкілі) қол қоюға тиіс.";

мынадай мазмұндағы үшінші сөйлеммен толықтырылсын:

"Қоғамның жарғысы, сондай-ақ оның барлық өзгерістері мен толықтырулары нотариаттық растауға жатады.";

2 - т а р м а қ т а :

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) қоғамның артықшылықты акцияларымен расталған құқықтар көлемін қоса алғанда акционерлердің құқықтары туралы мәліметтер;"

4) тармақша алынып тасталсын;

7) тармақша "қоғамның қызметі туралы ақпаратты жариялау үшін қолданылатын бұқаралық ақпарат құралын көрсете отырып" деген сөздермен толықтырылсын;

3-тармақта "акционердің" деген сөз "мүдделі тұлғаның" деген сөздермен, "акционерге" деген сөз "мүдделі тұлғаға" деген сөздермен ауыстырылсын;
мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:

"5. Қоғамның қызметі туралы ақпаратты жариялау үшін қолданылуы мүмкін бұқаралық ақпарат құралдарының түрлері және оларға қойылатын талаптар уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде белгіленеді.";

4) 11-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қоғамның жарғылық капиталы Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен акцияларға құрылтайшылар (жалғыз құрылтайшы) олардың нақтылы құны бойынша және инвесторлар осы Заңның талаптарына сәйкес айқындалатын орналастыру бағасы бойынша ақы төлеу арқылы қалыптастырылады.

2. Құрылтайшылар төлеген жарғылық капиталдың мөлшері қоғамның жарғылық капиталының ең төменгі мөлшерінен кем болмауы тиіс.

3. Қоғамның жарғылық капиталын өсіру қоғамның жария етілген акцияларын орналастыру арқылы жүзеге асырылады.";

5) 13 - б а п т а :

4 - т а р м а қ т а :

1) тармақша "Шектеу қою үшін" деген сөздерден кейін "орналастырылған (сатып алынғандарын шегеріп тастағанда)" деген сөздермен толықтырылсын;

3) тармақша қазақша мәтінде өзгермейді;

5-тармақ "алуға қатыспайтын" деген сөздерден кейін "бір" деген сөзбен толықтырылсын ;

6) 15-баптың 1-тармағының 2) тармақшасында "тізілімін" деген сөз "тізілімдер жүйесін" деген сөздермен ауыстырылсын;

7) 16-баптың 1-тармағында :

"осы бағалы қағаздарды" деген сөздерден кейін "орналастыру" деген сөз "сату" деген сөзбен ауыстырылсын ;

"баспасөз басылымында" деген сөздер "бұқаралық ақпарат құралдарында" деген сөздермен ауыстырылсын ;

"органы белгілеген баға бойынша" деген сөздер "органы белгілеген орналастыру (сату) бағасы бойынша" деген сөздермен ауыстырылсын;

"орналастыру" деген сөзден кейін "(сату)" деген сөзбен толықтырылсын;

8) 17-бап алынып тасталсын ;

9) 18-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"18-бап. Қоғамның акцияларын орналастыру

1. Қоғам өз акцияларын олардың шығарылымы мемлекеттік тіркелгеннен кейін акциялардың жарияланған саны шегінде бір немесе бірнеше орналастыру арқылы орналастыруға құқылы .

Қоғамның акцияларын оның жарияланған акцияларының саны шегінде

орналастыру туралы шешімді қоғамның жарғысында осы мәселе акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған жағдайларды қоспағанда, қоғамның директорлар кеңесі қабылдайды.

Акцияларды орналастыру жазылу немесе ұйымдаспаған бағалы қағаздардың рыногында өткізілетін аукцион, ұйымдасқан бағалы қағаздардың рыногында сату арқылы жүзеге асырылады.

2. Қоғамның жазылу арқылы орналастырылатын акциялары осы орналастыру шегінде акцияларды сатып алатын барлық тұлғалар үшін бірыңғай орналастыру бағасы бойынша сатылады.

3. Қоғамның акциялары ұйымдасқан бағалы қағаздар рыногында не ұйымдаспаған бағалы қағаздар рыногында өткізілетін аукцион арқылы осы орналастыру үшін акцияларды орналастыру туралы шешім қабылдаған қоғамның органы белгілеген орналастыру бағасы сауда-саттықтың (аукционның) бастапқы бағасы болып табылады.

4. Қоғамның жарияланған акцияларды орналастыру туралы шешім қабылдауға уәкілетті органы орналастырылған акциялардың санын және/немесе орналастыру бағасын өзгерту туралы шешім қабылдаған жағдайда, орналастыру осы Заңның 16-бабы 1-тармағының ережелері ескеріле отырып жүргізіледі.";

10) 19 - бапта :

тақырыбындағы "тізілімі" деген сөз "тізілім жүйесі" деген сөздермен ауыстырылсын ;

1-тармақтағы "тізілімін жасауды, жүргізуді және сақтауды" деген сөздер "тізілімдер жүйесін жүргізуді" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақтағы "тізілімін жасау, жүргізу және сақтау" деген сөздер "тізілімдер жүйесін жүргізу" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақтағы "тізілімін жасау, жүргізу және сақтау" деген сөздер "тізілімдер жүйесін жүргізу" деген сөздермен ауыстырылсын;

4 - тармақта :

"сатып алушының" деген сөздерден кейін "дербес" деген сөзбен толықтырылсын;

"тізіліміндегі" деген сөз "тізілімдер жүйесіндегі" деген сөздермен ауыстырылсын;

11) 22 - бапта :

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын :

"4. Орналастырылмаған немесе қоғамның өзі сатып алған акциялар бойынша, сондай-ақ егер сот немесе қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы оны тарату туралы шешім қабылдаса дивидендтер есептелмейді және төленбейді.";

5-тармақтағы "төлеу", "төлеуге" деген сөздер тиісінше "есептеу", "есептеуге" деген сөздермен ауыстырылсын ;

3) тармақша алынып тасталсын ;

12) 23 - бапта :

1-тармақтың үшінші бөлігіндегі "баспасөз басылымында" деген сөздер "бұқаралық

ақпарат құралдарында" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармағындағы "баспасөз басылымында" деген сөздер "бұқаралық ақпарат құралдарында" деген сөздермен ауыстырылсын;

13) 24-баптың 3-тармағындағы "баспасөз басылымында" деген сөздер "бұқаралық ақпарат құралдарында" деген сөздермен ауыстырылсын;

14) 25-баптың 3-тармағының бірінші бөлігіндегі "баспасөз басылымында" деген сөздер "бұқаралық ақпарат құралдарында" деген сөздермен ауыстырылсын;

1 5) 2 6 - б а п т а :

1-тармақта "қоғамның бастамасы бойынша" деген сөздерден кейін "акционерлердің жалпы жиналысы бекіткен қоғамның акцияларды сатып алу кезінде олардың құнын анықтау әдістемесіне сәйкес" деген сөздермен толықтырылсын;

4 - т а р м а қ т а :

бірінші бөлігі "акцияларының саны" деген сөздерден кейін "акцияларды сатып алу-сату мәмілесі (мәмілелері) жасалғанға дейін" деген сөздермен толықтырылсын;

екінші бөліктегі "баспасөз басылымында" деген сөздер "бұқаралық ақпарат құралдарында" деген сөздермен ауыстырылсын;

5-тармақтағы "қоғамның сатып алуы мүмкін" деген сөздер "қоғам сатып алуға жариялаған" деген сөздермен ауыстырылсын;

1 6) 2 7 - б а п т а :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қоғам орналастырылған акцияларды қоғам акционерінің:

1) акционерлердің жалпы жиналысы қоғамды қайта ұйымдастыру туралы шешім қабылдаған (егер акционер қоғамды қайта ұйымдастыру туралы мәселе қаралған акционерлердің жалпы жиналысына қатысып, оған қарсы дауыс берсе);

2) осы Заңда және қоғамның жарғысында белгіленген тәртіппен қабылдаған ірі мәміле жасау туралы шешіммен және/немесе жасалуында қоғамның мүддесі бар мәміле жасау туралы шешіммен келіспеген;

3) қоғамның жарғысына осы акционерге тиесілі акциялар бойынша құқықтарды шектейтін өзгерістер мен толықтырулар енгізілген жағдайларда (егер акционер осындай шешім қабылданған акционерлердің жалпы жиналысына қатыспаса немесе ол осы жиналысқа қатысып, аталған шешімнің қабылдануына қарсы дауыс берсе) талап етуі бойынша сатып алуы тиіс.";

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Акционердің талап етуі бойынша қоғамның орналастырылған акцияларды сатып алуы акционерлердің жалпы жиналысы бекіткен қоғамның акцияларды сатып алу кезінде олардың құнын анықтау әдістемесіне сәйкес жүзеге асырылады.";

1 7) 2 9 - б а п а л ы н ы п т а с т а л с ы н ;

18) 31-баптың 2-тармағының 2) тармақшасындағы:

"бағалы қағаздардың жалпы саны" деген сөздер "акциялар" деген сөзбен

а у ы с т ы р ы л с ы н ,

"бағалы қағаздардың қайталама рыногында" деген сөздер алынып тасталсын;

19) 32 - б а п т а :

3-тармақтағы "тізілімінде" деген сөз "тізілімдер жүйесінде" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

7-тармақтағы "тізіліміне" деген сөз "тізілімдер жүйесіне" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

20) 33-баптың 3-тармағындағы "уәкілетті органның" деген сөздер алынып т а с т а л с ы н ;

21) 35-баптың 1-тармағының үшінші бөлігіндегі "тізілімі" деген сөз "тізілімдер жүйесі" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

22) 36-баптың 1-тармағында :

мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

"1-1) корпоративтік басқару кодексін, сондай-ақ егер осы кодексті қабылдау қоғамның жарғысында көзделген болған жағдайда, оған өзгерістер мен т о л ы қ т ы р у л а р д ы б е к і т у ; " ;

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) қоғамның жарияланған акцияларының санын ұлғайту немесе қоғамның орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау ; " ;

11) тармақша алынып тасталсын;

13) тармақшадағы "баспасөз басылымында" деген сөздер "бұқаралық ақпарат құралдарында" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

14) тармақшадағы "Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногы туралы заңдарына" деген сөздер "осы Заңға" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

16) тармақшадағы "баспасөз басылымын" деген сөздер "бұқаралық ақпарат құралын" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

23) 39 - б а п т а :

1-тармақтың бірінші бөлігінде:

"жалпы жиналысына қатысуға" деген сөздерден кейін "және онда дауыс беруге" деген сөздермен т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

"тізіліміндегі" деген сөз "тізілімдер жүйесіндегі" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

2-тармақтағы "акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға құқығы бар акционерлердің тізіміне енгізілген тұлға" деген сөздер "акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және онда дауыс беруге құқығы бар акционерлердің тізімі жасалғаннан кейін, осы тізімге енгізілген тұлға";

24) 41-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарландыру бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануға және (немесе) акционердің ("алтын акция" иесінің)

назарына оған жазбаша хабар жіберу арқылы жеткізілуге тиіс.

Осы баптың 1-тармағында белгіленген мерзімдерді есептеу акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарландыру бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған күннен не акционерлерге ("алтын акция" иесіне) жазбаша хабар жөнелтілген күннен бастап жүргізіледі.

Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарлама бұқаралық ақпарат құралдарында бірнеше тілде жарияланған жағдайда осы баптың 1-тармағында белгіленген мерзімдерді есептеу осындай жарияланымдардың соңғы күнінен бастап жүргізіледі. " ;

25) 45-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"Егер жиналысқа қатысушыларды тіркеу аяқталған кезде акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және онда дауыс беруге құқығы бар, жиынтығында қоғамның дауыс беретін акцияларының елу және одан да көп процентін иеленген акционерлер немесе олардың өкілдері тіркелсе, акционерлердің жалпы жиналысы күн тәртібіндегі мәселелерді қарауға және олар бойынша шешім қабылдауға құқылы.";

26) 47-баптың 1-тармағының екінші абзацындағы "лауазымды адамдарының" деген сөздер "атқарушы орган мүшелерінің (атқарушы органының функцияларын жеке дара жүзеге асыратын тұлғаның)" деген сөздермен ауыстырылсын;

27) 49-баптың 4-тармағындағы "белгіленген баспасөз басылымында" деген сөздер "белгіленген бұқаралық ақпарат құралдарында" деген сөздермен ауыстырылсын;

28) 51-баптың 6-тармағының бірінші бөлігінде "баспасөз басылымында" деген сөздер "бұқаралық ақпарат құралдарында" деген сөздермен ауыстырылсын;

29) 53-баптың 2-тармағында:

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) орналастыру туралы, оның ішінде жарияланған акциялардың саны шегінде орналастырылатын акциялардың саны, оларды орналастыру тәсілі мен бағасы туралы ш е ш і м қ а б ы л д а у ; " ;

4) тармақша "сатып алуы" деген сөздерден кейін "және олардың сатып алу бағасы" деген сөздермен толықтырылсын;

12) тармақша алынып тасталсын;

30) 55-баптың 5-тармағындағы "дауыс беретін акциялардың жалпы санының жай көпшілік дауысымен" деген сөздер "кумулятивтік дауыс берумен" деген сөздермен ауыстырылсын ;

31) 57-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы бөлікпен толықтырылсын:

"Директорлар кеңесінің отырысы көрсетілген талапты ұсынған тұлғаны міндетті шақырумен өткізіледі. " ;

32) 60-баптың 4) тармақшасындағы "атқарушы органның мүшелері болып табылатын қызметкерлерді" деген сөздер "осы Занда белгіленген жағдайларды" деген сөздермен ауыстырылсын ;

33) 64-баптың 1-тармағында:

2) тармақшасындағы "қоғамның аффилиирленген тұлғасы" деген сөздер "ірі акционер" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 3-1) тармақшамен толықтырылсын:

"3-1) қоғамның лауазымды тұлғасының аффилиирленген тұлғасы;"

9) тармақшадағы "заңды" деген сөз алынып тасталсын;

34) 66-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Аффилиирленген тұлғаларының қатысуымен қоғамның мәмілелер жасау ерекшеліктері осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заң актілерінде белгіленеді." ;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Аффилиирленген тұлғаларының қатысуымен қоғамның мәмілелер жасау тәртібіне осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заң актілерінде белгіленген талаптардың сақталмауы кез келген мүдделі тұлғаның талап-арызы бойынша соттың мәмілені жарамсыз деп тануына негіз болып табылады." ;

35) 67-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын: "Қоғам аффилиирленген тұлғаларының есебін осы тұлғалар немесе қоғамның тіркеушісі (уәкілетті орган белгілеген тәртіппен ірі акционер болып табылатын тұлғаларға қатысты ғана) беретін мәліметтер негізінде жүргізуге міндетті." ;

36) 68-бапта:

1-тармақта:

1) тармақша "иеліктен айыратын" деген сөздерден кейін "(сатып алынатын немесе иеліктен айырылатын)" деген сөздермен толықтырылсын;

2) тармақша "сатылып алынған" деген сөздерден кейін "бір түрдегі" деген сөздермен толықтырылсын;

37) 70 және 73-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"70-бап. Қоғамның ірі мәміле жасасуы

1. Қоғамның ірі мәмілені жасасуы туралы шешімді директорлар кеңесі қабылдайды.

Қоғам кредиторлар мен акционерлерге хабарлау мақсатында директорлар кеңесі қоғамның ірі мәміле жасауы туралы шешім қабылдағаннан кейін бес күн ішінде мәміле туралы хабарды бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға міндетті.

2. Қоғамның жарғысында ірі мәмілелердің тізбесі, оларды жасау туралы акционерлердің жалпы жиналысы қабылдаған шешім, сондай-ақ оларды жасау тәртібі айқындалады.

3. Осы Заңда және қоғамның жарғысында белгіленген тәртіппен қабылданған ірі мәміле жасау туралы қоғамның шешімінен келіспеген жағдайда акционер өзіне тиесілі акцияларды қоғамның осы Заңда белгіленген тәртіппен сатып алуын талап етуге

қ ұ қ ы л ы . " ;

"73-бап. Жасалуында мүдделілік бар мәмілені жасау тәртібіне қойылатын талаптар

1. Қоғамның жасалуында мүдделілік бар мәмілені жасауы туралы шешім оның жасалуына мүдделі емес директорлар кеңесі мүшелерінің жай көпшілік дауысымен қ а б ы л д а н а д ы .

2. Қоғамның жасалуында мүдделілік бар мәмілені жасауы туралы шешімді акционерлердің жалпы жиналысы оның жасалуына мүдделі емес акционерлердің көпшілік дауысымен мынадай жағдайларда қабылдайды:

1) егер қоғамның директорлар кеңесінің барлық мүшелері мүдделі тұлғалар болып т а б ы л с а ;

2) директорлар кеңесінің шешім қабылдауға қажетті дауыстар саны болмауына орай мұндай мәмілені жасау туралы шешімді қабылдай алмағанда.

Бұл ретте акционерлердің жалпы жиналысына негізделген шешім қабылдау үшін қажетті ақпарат (құжаттарды қоса отырып) беріледі.

3. Барлық дауыс беретін акциялары бір акционерге тиесілі қоғамда қоғамның жасалуында мүдделілік бар мәміле жасау туралы шешімді осы акционер қабылдайды.";

3 8) 7 6 - б а п т а :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Атқарушы орган жыл сайын акционерлердің жалпы жиналысына талқылау және бекіту үшін өткен жылға аудиті Қазақстан Республикасының аудиторлық қызмет жөніндегі заңдарына сәйкес жасалған жылдық қаржылық есептілікті табыс етеді. Атқарушы орган қаржылық есептен басқа жалпы жиналысқа аудиторлық есепті ұ с ы н а д ы . " ;

4 - т а р м а қ т а :

"баспасөз басылымында уәкілетті орган белгілеген мерзімде жылдық қаржылық есептілікті" деген сөздер "бұқаралық ақпарат құралдарында уәкілетті орган белгілеген мерзімде жылдық бухгалтерлік балансты және кірістер мен шығыстар туралы есепті" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

"Қоғам өзге қаржылық есепті қосымша жариялауға құқылы.";

3 9) 7 7 - б а п т а :

1-тармақта "баспасөз басылымында" деген сөздер "бұқаралық ақпарат құралдарында" деген сөздермен ауыстырылсын;

2 - т а р м а қ т а :

"қаржылық есептілікті" деген сөзден кейін "өткен жылға аудиті Қазақстан Республикасының аудиторлық қызмет жөніндегі заңдарына сәйкес жасалған, және аудиторлық есепті" деген сөздермен толықтырылсын.

екінші сөйлем алынып тасталсын;

40) 78-баптың 2-тармағы "есебінен жүргізіледі" деген сөздерден кейін мынадай мазмұндағы сөздермен және сөйлеммен толықтырылсын: ", бұл ретте ірі акционер аудиторлық ұйымды дербес анықтауға құқылы. Ірі акционердің талап етуі бойынша аудит жүргізілген жағдайда, қоғам аудиторлық ұйым сұратқан барлық қажетті құжаттаманы (материалдарды) ұсынуға міндетті.";

41) 81 - б а п т а :

1-тармақтағы "бөлу" деген сөз алынып тасталсын;

2-тармақтағы "бөлу немесе" деген сөздер алынып тасталсын;

3-тармақтағы "оның жарияланған, соның ішінде орналастырылған акцияларының" деген сөздер "оның акциялары шығарылымының" деген сөздермен ауыстырылсын;

42) 82-баптың 2-тармағының екінші бөлігіндегі "бірігуге тартылған қоғамдардың акцияларын құрылатын қоғамның акцияларына айырбастау тәртібі" деген сөздер "құрылатын қоғамның акцияларының саны және оларды бөлу тәртібі" деген сөздермен ауыстырылсын;

43) 83-баптың 2-тармағының екінші бөлігіндегі "қосылатын қоғамның акцияларын қосылу жүзеге асырылатын қоғамның акцияларына айырбастау тәртібі" деген сөздер "қосылу жүзеге асырылатын қоғамның акцияларының саны, сондай-ақ оларды қосылатын қоғамның акционерлері арасында бөлу тәртібі" деген сөздермен ауыстырылсын;

44) 84-бап алынып тасталсын;

45) 85-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"85-бап. Қоғамның бөлініп шығуы

1. Қайта ұйымдастырылатын қоғамның қызметін тоқтатпай, оның мүлкінің, құқықтары мен міндеттерінің бір бөлігі бөліну балансына сәйкес бір немесе бірнеше қоғамға беріле отырып олардың құрылуы қоғамның бөлініп шығуы деп танылады.

2. Қоғам бөлініп шыққан кезде қайта ұйымдастырылатын қоғамның жарғылық капиталы а з а й м а й д ы .

Бөлініп шыққан қоғамның жарғылық капиталы қайта ұйымдастырылатын қоғамның мүлкі е с е б і н е н қ а л ы п т а с а д ы .

Қайта ұйымдастырылатын қоғам бөлініп шыққан қоғамның жалғыз құрылтайшысы б о л ы п т а б ы л а д ы .

3. Қайта ұйымдастырылатын қоғам бөлініп шыққан қоғамның акцияларын (қоғамның тиісті органы мұндай шешімді қабылдаған жағдайда) қайта ұйымдастырылған қоғамның акционерлеріне және (немесе) үшінші тұлғаларға сатуға құқылы. Акциялар төлеміне мыналар қабылдануы мүмкін:

акционерлерге тиесілі қайта ұйымдастырылатын қоғамның акциялары;
акционерлерге есептелген қайта ұйымдастырылатын қоғамның акциялары бойынша д и в и д е н д т е р ;

а қ ш а ж ә н е ө з г е д е м ү л і к .

4. Қайта ұйымдастырылатын қоғамның директорлар кеңесі қоғамның бөлініп шығуы нысанында қайта ұйымдастырылуы туралы, бөлініп шығу тәртібі мен талаптары, бөліну балансы туралы мәселелерді акционерлердің жалпы жиналысының қ а р а у ы н а е н г і з е д і .

5. Қайта ұйымдастырылатын қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы бөлініп шығу нысанында қайта ұйымдастыру туралы және бөліну балансын бекіту туралы шешім қ а б ы л д а й д ы .

6. Акционерлердің жалпы жиналысы бөлініп шығу туралы шешімді қабылдаған күннен бастап екі ай мерзімде қоғам өзінің барлық кредиторларына бөлініп шығу туралы жазбаша хабарламалар жіберуге және баспасөз басылымында тиісті хабарландыру беруге міндетті. Хабарламаға бөліну балансы, сондай-ақ бөлініп шыққан әрбір қоғамның атауы, орналасқан жері туралы мәліметтер қоса беріледі.";

4 6) 8 6 - б а п т ы ң :

2-тармағында "қоғамның акцияларын шаруашылық серіктестігіне қатысушылардың салымдарына немесе өндірістік кооператив мүшелерінің пайларына айырбастау" деген сөздер "шаруашылық серіктестігіне қатысушылардың қатысу үлестерін немесе өндірістік кооператив мүшелерінің пайларын айқындау. Шаруашылық серіктестігіне қатысушының қатысу үлесі немесе өндірістік кооператив мүшесінің пайы осы қатысушының қайта құрылатын қоғамда ие болған қоғам акциялары санының қоғамның орналастырылған (сатып алынғандарды қоспағанда) акцияларының жалпы санына тең арақатынасымен айқындалады" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармағында "қоғамның акцияларын шаруашылық серіктестігіне қатысушылардың салымдарына немесе өндірістік кооператив мүшелерінің пайларына айырбастау" деген сөздер "шаруашылық серіктестігіне қатысушылардың қатысу үлестерін немесе өндірістік кооператив мүшелерінің пайларын айқындау" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

4 7) 8 7 - б а п т ы ң :

1-тармағында "бөліну" деген сөз "қайта құрылу" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармағында "84 және 85" деген сандар "85 және 86" деген сандармен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

3-тармағында "кұрайды" деген сөзден кейін "өткізу актісін немесе" деген сөздермен толықтырылсын, "бөліну" деген сөз "қайта құрылу" деген сөздермен ауыстырылсын;

48) 88-баптың 3-тармағының үшінші бөлігіндегі "Құрамына" деген сөз "Ерікті тарату кезінде құрамына" деген сөздермен ауыстырылсын;

4 9) 8 9 - б а п т ы ң 1 - т а р м а ғ ы н д а :

бірінші бөліктің 4) және 5) тармақшалары алынып тасталсын;

екінші бөліктің "оларға тиесілі акциялардың" деген сөздердің алдында "осы Заңның 13-бабындағы 2-тармақтың талаптарын ескере отырып" деген сөздермен т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

1-тармағында "құрылтайшы құжаттар" деген сөздерден кейін "және осы Заң күшіне енгізілген күні белгіленген айлық есептік көрсеткіш мөлшеріне қарай осы Заңның 10-бабына сәйкес қоғамның жарғылық капиталының мөлшерін келтіруге" деген сөздермен толықтырылсын;

2-тармақ мынадай мазмұндағы бөлікпен толықтырылсын:

"Қоғам осы тармақтың бірінші бөлігіндегі талаптарды орындамаған жағдайда уәкілетті орган оны еріксіз тарату (қайта құру нысанында қайта ұйымдастыру) туралы сотқа өтініш беруге құқылы.";

3-тармақта "тізілімін жүргізу" деген сөздер "тізілімі" деген сөзбен ауыстырылсын;

10. "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 2 шілдедегі Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., N 15, 119-бап; 2004 жылғы 20 шілдедегі "Егемен Қазақстан" және 2004 жылғы 20 шілдедегі "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының инвестициялық қорлар мәселелері бойынша кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 7 шілдедегі Заңы) :

1) мәтін бойынша "брокерлік-дилерлік" деген сөздер "брокерлік және дилерлік" деген сөздермен ауыстырылсын, "Брокер-дилер", "брокер-дилердің", "брокер-дилер" деген сөздер тиісінше "Брокер және (немесе) дилер", "брокер және (немесе) дилердің", "брокер және (немесе) дилер" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 1 - б а п т а :

мынадай мазмұндағы 3-1) тармақшамен толықтырылсын:

"3-1) базалық актив - стандартталған тауарлар партиясы, бағалы қағаздар, валюта, қаржы құралдары және сауда-саттықты ұйымдастырушының ішкі құжаттарымен белгіленген қаржы құралдары және басқа көрсеткіштер";

12) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"12) мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаз - қарыз алушы Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің, сондай-ақ шет мемлекеттердің мемлекеттік бағалы қағаздары болатын заемға қатысы жөнінен оның ұстаушысының құқықтарын куәландыратын эмиссиялық бағалы қағаз;"

мынадай мазмұндағы 14-1) тармақшамен толықтырылсын:

"14-1) депозитарлық қызмет - басқа нақтылы ұстаушылар үшін бағалы қағаздарды нақтылы ұстау қызметін көрсету және ұйымдастырылған бағалы қағаздар рыногында жасалған қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша есеп айырысуларды жүзеге асыру жөніндегі қызмет";

19) тармақшада "ұйымдастырылған бағалы қағаздар рыногында баға белгілеуді ұсыну және (немесе) оларды бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау арқылы" деген сөздер "ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар рыногында және ұйымдастырылған

бағалы қағаздар рыногында оған тікелей кіру құқығымен" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

39), 42) және 44) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"39) листинг - бағалы қағаздарды қор биржасының бағалы қағаздар тізімінің санатына енгізу, оған енгізу және қор биржасының ішкі құжаттарында табу үшін бағалы қағаздарға және олардың эмитенттеріне арнайы (листинг) талаптары белгіленді;
"

42) бағалармен айла-шарғы жасау - пайда мен артықшылық алу мақсатында бағалы қағаздар рыногы субъектілерінің ұсыныс пен сұраныстың объективті арақатынасы нәтижесінде одан жоғары немесе төмен белгіленген бағалы қағаздарға баға белгілеуге бағытталған іс-әрекеттері;

44) мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздар - мемлекеттің тікелей міндеттемелері жоқ ұйымдар шығаратын акциялар, облигациялар және өзге де эмиссиялық бағалы қағаздар;" ;

45) тармақшада "қаржы құралдарымен", "мәміле объектісіне және оның қатысушыларына" деген сөздер алынып тасталсын;

47) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"47) бағалы қағаздарды нақтылы ұстау - нақтылы ұстау шартына не осы Заңға сәйкес бағалы қағаздар ұстаушыларының атынан және есебінен белгілі заңды іс-әрекеттерді жасау, сондай-ақ бағалы қағаздар бойынша құқықтарды есепке алу мен растау және осындай ұстаушылардың бағалы қағаздармен мәмілелерін тіркеу;" ;

48) тармақшада "Қазақстан Республикасының азаматтық заңдарына сәйкес өзге де тәсілдермен" деген сөздер "банкпен" деген сөзбен ауыстырылсын;

52) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"52) опциондар - белгіленген нысандағы стандарттық саны мен орындалу мерзімі бар және ұйымдастырылған бағалы қағаздар рыногында айналыста жүретін туынды бағалы қағаз, оны сатып алушы белгілі бір мерзім өткеннен кейін опционда көрсетілген базалық активті келісілген баға бойынша сатып алу немесе сату құқығына не опцион шарттарында белгіленген ақша сомасын алу құқығына ие болады;" ;

55) тармақша алынып тасталсын;

64) тармақшада "өтініш беруші мен" деген сөздер алынып тасталсын;

65) тармақшада "инвесторлар" деген сөз алынып тасталсын;

84), 87) және 90) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"84) фьючерс - белгіленген нысандағы стандарттық саны мен орындалу мерзімі бар және ұйымдастырылған бағалы қағаздар рыногында айналыста жүретін туынды бағалы қағаз, оны сатушы сатуға немесе сатып алуға міндеттенеді, ал сатып алушы мүліктің (базалық активтің) белгіленген санын келісілген баға бойынша және белгіленген мерзімде сатып алуға немесе сатуға міндеттенеді;" ,

"87) орталық депозитарий - негізгі функциясы депозитарлық қызметті жүзеге асыру

болып табылатын арнайы коммерциялық емес ұйым;" ;

"90) эмитент - эмиссиялық бағалы қағаздарды шығаруды жүзеге асыратын тұлға." ;

3) 3 - баптың 2 - тармағында :

мынадай мазмұндағы 7-1) тармақшамен толықтырылсын:

"7-1) осы Заңға және уәкілетті орган белгілеген талаптарға жауап беретін Қазақстан Республикасының өзге де заң актілеріне сәйкес міндетті жариялауға жататын бағалы қағаздар рыногы субъектілерінің қызметі туралы ақпаратты жариялау үшін пайдаланылуы мүмкін бұқаралық ақпарат құралдарының түрлері мен қойылатын талаптарды анықтайды ; "

13) тармақша алынып тасталсын ;

14) тармақшада "қызметкерлердің" деген сөзден кейін "және орталық депозитарийдің" деген сөздермен толықтырылсын ;

15) тармақшада "есептерді беру" деген сөздерден кейін "және орталық депозитарийдің" деген сөздермен толықтырылсын ;

16) және 17) тармақшалар алынып тасталсын ;

19) тармақшада "эмитенттердің" деген сөзден кейін "орталық депозитарийдің және" деген сөздермен толықтырылсын, "және бағалы қағаздар рыногында жұмыс істеу үшін мамандар даярлайтын ұйымдардың" деген сөздер алынып тасталсын ;

мынадай мазмұндағы 19-1) және 19-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"19-1) бағалы қағаздар рыногының субъектілеріне белгіленген мерзімде анықталған кемшіліктерді жоюға бағытталған орындауға міндетті түзету шараларын қабылдау туралы ұйғарымдарды жібереді ;

19-2) бағалы қағаздардың эмитенттеріне жарғыда Қазақстан Республикасының заңдарына қайшылықтарды жою туралы орындауға міндетті ұйғарымдарды жібереді ;"

4) 8-баптың 2-тармағының 3) тармақшасы "(айналыс мерзімі үш айдан аспайтын мерзіммен облигациялар шығаруды қоспағанда)" деген сөздермен толықтырылсын ;

5) 9 - бапта :

1-тармақтың 8) тармақшасында "(санаты)" деген сөз алынып тасталсын ;

4-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Эмитент осы баптың 1-тармағының 1)-3), 8), 9), 11), 12)-тармақшаларында көрсетілген мәліметтер өзгерген жағдайда уәкілетті органға акциялар шығару проспектісіне өзгерістер мен толықтыруларды уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәртіппен тіркеу үшін олар туындаған (қоғамның тиісті органдары шешім қабылдаған) күннен бастап он бес күнтізбелік күн ішінде табыс етуге міндетті. Уәкілетті орган жарияланған акциялар саны ұлғайған және/(немесе) жарияланған акциялардың түрі өзгерген кезде жарияланған акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу туралы куәліктерді ауыстырады. Уәкілетті орган жарияланған акцияларды шығару проспектісіне өзгерістер мен толықтыруларды тіркеуді (жарияланған акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу туралы куәліктерді

ауыстыруды) он бес күнтізбелік күн ішінде жүзеге асырады.";

б) 1 1 - б а п т а :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Жарияланған акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу туралы шешімді акционерлік қоғамның құрылтай жиналысы (жалғыз құрылтайшысы) немесе акционерлерінің жалпы жиналысы (барлық дауыс беретін акцияларды иеленуші акционер) қабылдайды.

Акционерлік қоғам жарияланған акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеуге арналған құжаттарды:

1) заңды тұлға ретінде оны мемлекеттік тіркеген күннен бастап; немесе

2) жарияланған акцияларды шығаруды жарамсыз деп тану туралы соттың шешімі негізінде жарияланған акцияларды шығарудың күшін жойған жағдайда акционерлердің жалпы жиналысы жарияланған акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу туралы шешім қабылдаған күннен бастап отыз күнтізбелік күн ішінде ұсынуға міндетті.";

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Уәкілетті орган акционерлік қоғам заңды тұлға ретінде тіркелген күннен бастап не сот шешімі негізінде акционерлік қоғамның жарияланған акцияларын шығарудың күшін жойған күннен бастап бір жыл өткеннен кейін жарияланған акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеуден өткізуге құқылы емес.

Уәкілетті орган бір жыл өткеннен кейін:

1) акционерлік қоғам заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап акционерлік қоғам жарияланған акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеуден өткізу үшін құжаттар бермеген;

2) акционерлік қоғам заңды тұлға ретінде тіркелген күннен бастап не соттың шешімі негізінде акционерлік қоғамның жарияланған акцияларын шығарудың күшін жойған күннен бастап уәкілетті орган жарияланған акциялар шығарылымын тіркемеген жағдайларда акционерлік қоғамды тарату не қайта құру мақсатында сотқа өтініш беруге құқылы.";

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Акционерлік қоғам уәкілетті орган барлық жарияланған акцияларды орналастыру қорытындылары туралы есепті (есептерді) бекіткеннен кейін жарияланған акциялардың санын көбейту туралы шешім қабылдауға құқылы.";

7) 1 2 - б а п т ы ң 1 - т а р м а ғ ы н д а :

7) тармақшада "ипотекалық және өзге де қамтамасыз етілген облигациялар" деген сөздер "банк кепілімен қамтамасыз етілген облигациялар" деген сөздермен ауыстырылсын;

8) тармақшада "баспасөз басылымы" деген сөздер "бұқаралық ақпарат құралдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

8) 2 2 - б а п т а :

1-тармақтың екінші бөлігінде "жазылым жүргізу" деген сөздердің алдынан " аукцион немесе" деген сөздермен толықтырылсын;

2-тармақтың бірінші бөлігінде абзацында "баспасөз басылымдарында" деген сөздер "бұқаралық ақпарат құралдарында" деген сөздермен ауыстырылсын;

9) 24-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

"4) эмитент мүлкінің кепілімен қамтамасыз етілген ипотекалық және басқа облигацияларды шығарған жағдайда, - эмитенттің міндеттемелерін орындауын қамтамасыз етуді растайтын құжаттар.";

1 0) 2 5 - б а п т а :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Уәкілетті орган эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыруды тоқтата тұру туралы шешімді мынадай:

1) эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыру қорытындылары туралы есепті тапсырмаған;

2) егер эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыру қорытындылары туралы есепті қарау барысында есепте көрсетілген мәліметтердің эмиссиялық бағалы қағаздар шығарылымын мемлекеттік тіркеуден өткізу үшін ұсынылған құжаттарға сәйкес болмауы анықталған;

3) эмиссиялық бағалы қағаздарды шығару, орналастыру және өтеу шарттары бұзылған жағдайларда қабылдауға құқылы.";

2-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Тіркеуші және орталық депозитарий уәкілетті органның осы бағалы қағаздарды орналастыруды тоқтата тұру туралы шешімін алған кезден бастап эмиссиялық бағалы қағаздарды орналастыру жөніндегі мәмілелерді тіркеуді тоқтата тұруға міндетті.";

3-тармақта "баспасөз басылымында" деген сөздер "бұқаралық ақпарат құралдарында" деген сөздермен ауыстырылсын;

11) 26-баптың 1-тармағының 1) тармақшасында "баспасөз басылымында" деген сөздер "бұқаралық ақпарат құралдарында" деген сөздермен ауыстырылсын;

12) 27-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Эмиссиялық бағалы қағаздар шығаруды мемлекеттік тіркеуді жарамсыз деп тану эмиссиялық бағалы қағаздар шығаруды жою үшін негіз болып табылады.

Акционерлік қоғам акцияларды шығарудың күшін жойған күннен бастап үш айдың ішінде акциялардың жаңа шығарылымын тіркеу немесе қайта ұйымдастыру не қоғамды тарату туралы шешім қабылдайды.";

1 3) 3 0 - б а п :

мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

"2-1. Сот не атқарушы өндіріс органдары жарияланған акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеуді жарамсыз деп тану немесе заңды күшіне енген мәжбүрлеп тарату туралы сот шешімін ұсынған жағдайда уәкілетті орган акциялар шығарудың күшін

жою туралы шешім қабылдайды және бұл жөнінде эмитентке хабарлайды.";

5-тармақта "баспасөз басылымында" деген сөздер "бұқаралық ақпарат құралдарында" деген сөздермен ауыстырылсын;

1 4) 3 1 - б а п т а :

3-тармақтағы "бағалы қағаздарға" деген сөздерден кейін "(акцияларды қоспағанда)" деген сөздермен толықтырылсын;

15) 6-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"6-тарау. Туынды бағалы қағаздардың айналысы";

16) 33-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Ұйымдасқан бағалы қағаздар рыногында туынды бағалы қағаздармен мәмілелер жасаудың шарттары мен тәртібі қор биржасының ішкі құжаттарымен белгіленеді.";

1 7) 3 4 - б а п а л ы н ы п т а с т а л с ы н ;

18) 36-баптың 5-тармағындағы "құқылы" деген сөз "міндетті" деген сөзбен ауыстырылсын;

19) 41-баптың 2) тармақшасындағы "тұлғалар" деген сөзден кейін "эмитентке берілетін оның ірі акционерлері мен оларға тиесілі акциялардың саны туралы мәліметтерді қоспағанда" деген сөздермен толықтырылсын;

20) 43-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Бағалы қағаздар рыногындағы коммерциялық құпияны құрайтын мәліметтер олардың айналысқа жіберген бағалы қағаздары қатысында эмитентке және эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша олардың құқықтарына қатысты бағалы қағазды ұстаушыға не Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес ресімделген сенімхат негізінде олардың өкіліне берілуі мүмкін.

Нақтылы ұстаушының коммерциялық құпияны құрайтын клиенттері туралы мәліметтерді беру тәртібі осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заң актілерінде айқындалады.";

2 1) 4 5 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

" 1) б р о к е р л і к ; " ;

мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

" 1 - 1) д и л е р л і к ; " ;

7) тармақша алынып тасталсын;

2-тармақта "7" саны "8" санына ауыстырылсын, ", табылады" сөзі "сондай-ақ депозитарлық қызмет бағалы қағаздар рыногындағы кәсіби қызмет болып табылады" сөздерімен ауыстырылсын;

5-тармақта "клиенттер" деген сөзден кейін "(депоненттер)" деген сөзбен, "лицензиаттар" деген сөзден кейін "және орталық депозитарий" деген сөздермен толықтырылсын;

7 - тармақ алынып тасталсын;

2 2) 4 8 - б а п т а :

1-тармақта 3), 4) және 6) тармақшалар алынып тасталсын;

2 - тармақ алынып тасталсын;

3-тармақта "бағалы қағаздар рыногында жұмыс істеу үшін жеке адамдарды оқыту, оларға аттестация жүргізу" деген сөздер "жеке адамдарға аттестация жүргізу" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

2 3) 4 9 - б а п т а :

тақырыптағы "өтініш беруші (лицензиат)" деген сөздер "Лицензиат" деген сөзбен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

3-тармақта "өтініш беруші (лицензиат)" деген сөздер "лицензиат" деген сөзбен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

2 4) 5 1 - б а п т а :

1-тармақтың 4)-9) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"4) Бағалы қағаздар рыногындағы қызметті, сонымен қатар лицензиаттың ішкі құжаттарын реттейтін Қазақстан Республикасының заңдарын бұзған;

5) уәкілетті органның ұйғарымын орындамаған;

6) лицензияның қолданылуын ерікті түрде тоқтата тұру туралы жазбаша өтініш б о л ғ а н ;

7) жүзеге асыруға лицензия берілген қызметті алты және одан да көп ай ішінде лицензиаттың жүзеге асырмауы;

8) Қазақстан Республикасы заңдарының бағалы қағаздар рыногындағы қызмет туралы мәліметтерді мемлекеттік органдарға беру жөніндегі талаптарын орындамаған;

9) лицензиаттар үшін тыйым салынған және шектелген қызметтерді жүзеге асыру.";

3 - тармақ алынып тасталсын;

4-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Уәкілетті орган мынадай жағдайларда лицензияны қайтарып алуға құқылы:

1) лицензияның қолданылуын тоқтата тұру себептерін жойған;

2) бағалы қағаздар рыногындағы қызметті, сонымен қатар лицензиаттың ішкі құжаттарын реттейтін Қазақстан Республикасының заңдарын жүйелі (қатарынан он екі күнтізбелік ай ішінде үш рет не одан астам) бұзған;

3) уәкілетті органның ұйғарымын жүйелі (қатарынан он екі күнтізбелік ай ішінде үш рет не одан астам) орындамаған;

4) осы Заңмен және Қазақстан Республикасының өзге заң актілерімен белгіленген өзге де негіздер бойынша.";

2 5) 5 2 - б а п т а :

1-тармақта "Лицензиаттар" деген сөз "және орталық депозитарий" деген сөздермен т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

2-тармақта "Лицензиаттардың" деген сөз "және орталық депозитарийдің" деген сөздермен толықтырылсын;

26) 54-баптың 3-тармағында:
бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Жеке тұлғаның үш айдан астам мерзімде уәкілетті органның келісімін алғанға дейін басшы қызметкердің міндетін орындауға құқығы жоқ.";

үшінші абзац алынып тасталсын;

27) 56-баптың 1 және 2-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Бағалы қағаздардың бағасымен айла-шарғы жасау мақсатында мәмілелер жүргізуге тыйым салынады. Бағалы қағаздардың бағасымен айла-шарғы жасау мақсатында жүргізілді деп танылған мәмілені жасауға қатысқан тұлғалар осы Заңда және Қазақстан Республикасының басқа заң актілерінде көзделген жауапкершілікті атқарады .

Бағалы қағаздардың бағасымен айла-шарғы жасау мақсатында жүргізілген мәмілені мүдделі тұлғалардың шағым-талабы бойынша сот жарамсыз деп тануы мүмкін.

2. Бағалы қағаздардың бағасымен айла-шарғы жасау мақсатында жүргізілген мәмілелер :

1) бес жұмыс күні ішінде жасалған, орындалуы осы мәмілелердің тараптарындағы осындай бағалы қағаздар санының елеулі өзгеруіне әкеп соқпайтын (бағалы қағаздар санының елеулі өзгерісі мәміле тараптарындағы бағалы қағаздардың алғашқы санының он проценті шегінен аспайтын айырмашылық болып танылады) бағалы қағаздарды сатып алу - сату мәмілелері ;

2) клиент екі немесе одан да көп брокерге беретін бір шығарылымды бағалы қағаздарды сату және сатып алуға қарсы бұйрықтар негізінде жасалған мәміле не бірнеше мәмілелер ;

3) мұндай мәміле жасалғанға дейін бағалы қағаздар рыногында қалыптасқан осы бағалы қағаздардың бағасынан айтарлықтай өзгеше бағамен алдын ала келісім бойынша жасалған мәміле ;

4) бағалы қағаздар рыногының басқа субъектілері үшін қол жетпейтін және қызметтік жағдайы, жасалған шарт, заңды тұлғаның жарғылық капиталына қатысуы, акцияларды иелену және бағалы қағаздарға баға қалыптастыруға әсер ете алатын өзге жағдайлар арқылы оған белгілі болған ақпаратты (инсайдерлік ақпаратты) иеленуші тұлға жасаған мәмілелер ;

5) бағалы қағаздардың бағасымен айла-шарғы жасау мақсатында жасалған өзге мәміле . " ;

28) 57-тармақтың 3-тармағының бірінші бөлігі "клиенттің қосалқы шотты ашу үшін қажет барлық деректемелерін ашып көрсете отырып" деген сөздермен толықтырылсын;

29) 60-баптың, 3-тармағының 3) тармақшасы алынып тасталсын;

30) 61-баптың 2-тармағының:

бірінші бөлігінде "осы клиентті бірдейлендіруге қажетті соңғы мәліметтер болған жағдайда," деген сөздер алынып тасталсын;

екінші бөлігінде "және санаты" деген сөздер алынып тасталсын;

31) 62-бапта:

1-тармақтың бірінші бөлігінде "нақтылы ұстаушыға өздері жөніндегі мәліметтерді ашу құқықтарын бермеген клиенттер туралы мәліметтерді қоспағанда," деген сөздер алынып тасталсын;

2-тармақ алынып тасталсын;

32) 63-баптың тақырыбы және 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"63-бап. Брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыру тәртібі

1. Бағалы қағаздар рыногындағы брокерлік қызмет және дилерлік қызмет брокерлік және дилерлік қызметте жүзеге асыруға лицензия негізінде жүзеге асырылады.

Брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензия нақтылы ұстаушы ретіндегі клиенттердің шоттарын жүргізу құқығымен немесе клиенттердің шоттарын жүргізу құқығынсыз болуы мүмкін.

Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген жағдайларда уәкілетті орган дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензияны беруге құқылы.";

33) 66-баптың 7) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"7) бағалы қағаздарды ұстаушыларға Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларда немесе эмитенттің тапсырмасы бойынша эмитенттің жалпы жиналысын өткізу немесе эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздары бойынша кірісті төлеу, сондай-ақ эмитенттің бағалы қағаздарын шығару жөнінде хабарлау;"

34) 67-бапта:

1-тармақта:

"шарт жасауға" деген сөздер "шарт жасауға және" деген сөздермен ауыстырылсын;

"және шартты қолдану кезеңінде эмитенттің мүддесін білдіруге" деген сөздер алынып тасталсын;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Тіркеушінің өзінің бағалы қағаздарын ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізуді жүзеге асыруға құқығы жоқ.

Тіркеушінің бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімінің жүйесін жүргізу бойынша шарт жасаған эмитенттің бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімінің жүйесін жүргізуді басқа тіркеушіге қайта тапсыруға құқығы жоқ.";

35) 68-баптың 4-тармағы мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

"Тіркеуші лицензиясының қолданылуы тоқтатылған немесе қайтарып алынған жағдайда шартты бұзудың бастамашысы тіркеуші болып танылады.";

36) 78-бапта:

1-тармақта "сауда-саттықты ұйымдастырушылар" деген сөздер алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 1-1-тармағымен толықтырылсын:

"1-1. Мына тұлғалар орталық депозитарийдің құрылтайшылары және акционерлері
б о л а а л м а й д ы :

1) тізбесін уәкілетті орган белгілейтін оффшорлық аймақтарда тіркелген заңды
т ұ л ғ а л а р ;

2) осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген заңды тұлғаларға қатысы бойынша
а ф ф и л и и р л е н г е н т ұ л ғ а л а р ;

3) осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген заңды тұлғалардың
құрылтайшылары (қатысушылары, акционерлері) болып табылатын тұлғалар.";

3-тармақтың бірінші сөйлемі алынып тасталсын;

37) 79-тармақ мынадай мазмұндағы 1-1-тармағымен толықтырылсын:

"1-1. Орталық депозитарийдің басшы қызметкерлері осы Заңның 54-бабында
белгіленген талаптарға сәйкес болуы тиіс.";

38) 80-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"80-бап. Орталық депозитарийдің қызметін жүзеге асыру тәртібі

1. Орталық депозитарий депозитарлық қызметті жүзеге асыру барысында:

1) депоненттерге қаржы құралдарын нақтылы ұстау қызметін көрсетеді;

2) бағалы қағаздардың ұйымдасқан рыногында жасалған мәмілелер және бағалы
қағаздардың ұйымдаспаған рыногында оның депонентінің қатысуымен (депоненттердің өздерінің арасында; депонент арасында бір жағынан және басқа депоненттің клиентімен екінші жағынан; екі түрлі депоненттің клиенттері арасында) жасалған мәмілелер бойынша қаржы құралдарындағы есеп айырысуларды жүзеге
а с ы р а д ы ;

3) Қазақстан Республикасының заңдарына және өзінің ережелер жинағына сәйкес мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздардың депозитарлық қызмет көрсетуін жүзеге
а с ы р а д ы ;

4) консультациялық, ақпараттық және Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін басқа да қызмет көрсету түрлері.

2. Орталық депозитарий банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыруға лицензиялары болған кезде мыналарды жүзеге асырады:

1) бағалы қағаздардың ұйымдасқан рыногында жасалған мәмілелер және бағалы қағаздардың ұйымдаспаған рыногында оның депоненттерінің қатысуымен жасалған мәмілелер бойынша ақшамен есеп айырысады;

2) оларды өтеу кезінде қаржы құралдары бойынша кірісті төлеу жөніндегі төлем агентінің функцияларын орындайды;

3) депонентке эмиссиялық бағалы қағаздармен және өзге де қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша ақша аударымдарын жүзеге асыруға, сондай-ақ кірісті төлеу және қаржы құралдарын өтеу кезінде ақша алуға арналған банк шоттарын ашады;

4) қаржы құралдарымен, сол сияқты ақшамен қаржы құралдарымен мәмілелер

б о й ы н ш а к л и р и н г жү р г і з е д і .

3. Орталық депозитарий бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімінің жүйесін жүргізуді жүзеге асыруға лицензия негізінде бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімінің жүйесін жүргізуге құқылы.

4. Орталық депозитарийдің қаржы рыногындағы қызметке жатпайтын кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға құқығы жоқ.

Орталық депозитарийдің қызметін жүзеге асырудың шарттары мен тәртібі осы Заңда, уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде және ішкі құжаттарда - орталық депозитарийдің ережелер жинағында белгіленеді.";

39) 87-баптың 1-тармағы алынып тасталсын;

40) 91-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"91-бап. Өзін-өзі реттейтін ұйымның міндеттері

Өзін-өзі реттейтін ұйымның негізгі міндеті өзін-өзі реттейтін ұйым мүшелерінің құқықтары мен мүдделерін қорғау, сондай-ақ Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногында кәсіби қызметті жүзеге асырудың бірыңғай жағдайларын жасауды қамтамасыз ету болып табылады."

41) 92-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Өзін-өзі реттейтін ұйымның мәртебесін заңды тұлғаға бағалы қағаздар рыногында белгілі бір қызмет түрін жүзеге асыратын барлық лицензиаттардың кем дегенде жартысы осы заңды тұлғаның мүшелері екенін растайтын құжаттар негізінде уәкілетті орган береді.

Заңды тұлға осы тармақтың бірінші абзацындағы талаптарға сәйкес келмеген жағдайда өзін-өзі реттейтін ұйымның мәртебесінен айырылады.

Заңды тұлғаға өзін-өзі реттейтін ұйымның мәртебесін беру және одан айырылу тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген.";

42) 93 - баптың 1 - тармағының:

2) тармақшасында "және мүшелері мен олардың клиенттері арасындағы дауларды" деген сөздер алынып тасталсын;

3) тармақшасында "уәкілетті органның тиісті рұқсаты болған жағдайда" деген сөздер алынып тасталсын;

4) және 6) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"4) өзін-өзі реттейтін ұйым мүшелерінің кәсіби қызметінің бірыңғай ережесін және стандарттарын белгілеу;" ;

"6) өзін-өзі реттейтін ұйым мүшелерінің қызметіне тексеру жүргізу;" ;
мынадай мазмұндағы 6-1) тармақшамен толықтырылсын:

"6-1) уәкілетті органға өзін-өзі реттейтін ұйым мүшесінің лицензиясын тоқтата тұру және қайтарып алу туралы өтінішін жіберу;" ;

7) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"7) бағалы қағаздар рыногында өз мүшелерінің қызметін бақылауды жүзеге асыру

және Қазақстан Республикасының заңдарын және өзін-өзі реттейтін ұйымның ішкі құжаттарын бұзуға жол берген өзін-өзі реттейтін ұйым мүшелеріне өзінің ішкі құжаттарында белгіленген ықпал ету шараларын қолдану болып табылады.";

43) 94 - бапта :

1 - тармақта :

2) тармақшасында "және (немесе) қадағалау" деген сөздер алынып тасталсын;

3) тармақшасында "мен олардың клиенттері" деген сөздер алынып тасталсын;

б) тармақша алынып тасталсын;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Өзін-өзі реттейтін ұйымның ішкі құжаттарын өзін-өзі реттейтін ұйым мүшелерінің кеңесі әзірлейді және оны өзін-өзі реттейтін ұйым мүшелерінің жалпы жиналысы бекітеді .

Өзін-өзі реттейтін ұйымның ішкі құжаттары өзін-өзі реттейтін ұйымның мүшелері үшін оның мүшелерінің жалпы жиналысы белгілеген күннен бастап міндетті болады.";

44) 95 және 96-баптар алынып тасталсын;

45) 100-баптың 1-тармағындағы "тәртіптік" деген сөз алынып тасталсын;

46) 101-баптың 2-тармағының 3) тармақшасында "баспасөз басылымында" деген сөздер "бұқаралық ақпарат құралдарында" деген сөздермен ауыстырылсын;

47) 102-баптың 4-тармағында "баспасөз басылымында" деген сөздер "олар туындаған сәттен бастап он бес күнтізбелік күн ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында" деген сөздермен ауыстырылсын;

48) 104-баптың 2-тармағындағы "ақпаратты және" деген сөздерден кейін "(немесе)" деген сөзбен толықтырылсын, "сауда-саттықты ұйымдастырушының ішкі құжаттарына сәйкес әдістермен" деген сөздер "сауда-саттықты ұйымдастырушы үшін әдістермен" деген сөздермен ауыстырылсын;

49) 106-бап мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

"1-1) бағалы қағаздар рыногын реттеу мен қадағалауды жүзеге асырушы шетел мемлекеттері мемлекеттік органдарының сұратуы бойынша бағалы қағазды ұстаушылар туралы ; " ;

50) 107-бап мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын:

"Осы Заңда белгіленген, жарияланған акциялар шығарылымын тіркеу мерзімдерін сақтауды бақылау мақсатында әділет органдары уәкілетті органға оның сұратуы бойынша акционерлік қоғамның ұйымдық-құқықтық нысанында тіркелген заңды тұлғалар туралы ақпаратты ұсынады." ;

51) 108 - бапта :

1-тармақта "және мамандарды бағалы қағаздар рыногында жұмыс істеуге оқытуды жүзеге асыратын ұйымдардың" деген сөздер алынып тасталсын;

3-тармақ мынадай мазмұндағы 8) тармақшамен толықтырылсын:

"8) уәкілетті органға мәлім болған бағалы қағаздар рыногы субъектілерінің

заңдарды бұзудың өзге фактілері негіздеме болып табылады.";

52) мынадай мазмұндағы 113-1-баппен толықтырылсын:

"113-1. Осы Заң күшіне енгенге дейін акциялар эмиссиясы тіркелген акционерлік қоғамдарда акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеуді жарамсыз деп тану

Осы Заң күшіне енгенге дейін акциялар эмиссиясы тіркелген акционерлік қоғамдарда акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеуді жарамсыз деп таныған жағдайда осы акционерлік қоғам акцияларының барлық эмиссиясы күшін жоюға тиісті".

2-бап. Осы Заңды қолданысқа енгізу
Осы Заң ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК